Коммерциялық емес акционерлік қоғам

ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Математика және математикалық үлгілеу кафедрасы

ДИСКРЕТТІ МАТЕМАТИКА

6В06104 - «Ақпараттық қауіпсіздендіру жүйелері»,
6В06103 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету,
6В06102 – «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттер үшін есептеу-сызба жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқаулықтар мен тапсырмалар

Алматы 2022

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР: Астраханцева Л.Н., Байсалова М.Ж. Дискретті математика. 6В06104 - «Ақпараттық қауіпсіздендіру жүйелері», 6В06103 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, 6В06102 – «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттері үшін есептеу-сызба жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқаулықтар мен тапсырмалар. - Алматы: АЭжБУ, 2022. - 64 б.

Ұсынылып отырған есептеу-сызба жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқаулықтар мен тапсырмалар «Дискретті математика», «Дискретті математика» пәндерінің «Жиындар, қатынастар», «Математикалық логика элементтері» және «Графтар теориясының элементтері» тараулары бойынша №1, №2, №3 есептеу-сызба жұмыстарынан тұрады. Бұл әдістемелік нұсқаулықтар мен тапсырмалар 2018 жылы жарық көрген нұсқасының өңделген түрі. Бағдарламаның теориялық сұрақтары енгізілген. Типтік нұсқаның шешімі келтірілген.

Әдеб. атау – 10, кесте – 19.

Пікір беруші: ИМжК каф. доценті, PhD С.Қ.Абильдинова

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2022 ж. жоспары бойынша басылды

Кіріспе

«Дискретті математика» пәні қазіргі заманғы математиканың бөлімі және компьютерлік математиканың негізі болып табылады. Оның дамыған логикалық аппаратынсыз адам қызметінің әртүрлі салалары болуы мүмкін емес. Ол ақырлы жиындар мен олардың әртүрлі құрылымдарын оқып-үйренетін математика саласына арналған. Ол кең салалы қолданысқа ие, әсіресе ақпараттық жүйелер мен компьютерлермен байланысты салаларда. Пәнді оқып-үйрену нәтижесінде студенттер пайымдауды қалыптаспыру негізгі әдістерін меңгеру керек, модельдеу дағдыларын алу керек, оларды бағдарламалауда қолдану керек, жасанды интелект есептерін шығаруда, бағдарламалардың дұрыстығын дәлелдеу үшін, математикалық модельдер құру үшін қолдану керек.

1 Есептеу-сызба жұмыс №1. Жиындар, қатынастар

Мақсаты: жиындар және қатынастар ұғымдарын оқып үйрену. Олардың қасиеттері мен классификацияларымен таныстыру.

1.1 Теориялық сұрақтар

1 Жиындар, олардың берілу жолдары. Булеан және универсум.
2 Жиындарға қолданылатын қисаптар. Эйлера-Венн диаграммасы.
3 Жиынның бөліктеуі мен бүркеуі. Жиындардың тура көбейтіндісі.
4 Қатынастар. Қатынастардың түрлері, бинарлы берілу жолдары.
5 Бинарлы қатынастың қасиеттері.
6 Эквивалентті қатынас.
7 Реттік қатынас.
8 Функционалдық қатынастар.
9 Жиын қуаты туралы ұғым.

1.2 Есептік тапсырмалар

1. Берілген жиынды:

а) элементтерін тізу арқылы;
ә) жалпы қасиеті бойынша жазу керек.

№	а)	ә)
1.1	$\{x : x^3 - 3x^2 + 2x = 0, x \in N\}$	$\{2,4,6,\ldots,100\}$
1.2	$\{x : x = 5y, y \in N, y \le 4\}$	$\left\{-\frac{3}{2},+\frac{5}{4},-\frac{7}{6},\ldots\right\}$
1.3	$\{x : x = y - z,\ y, z \in \{1,2\}\}$	$\{4,8,12,16,\ldots\}$
1.4	$\{x : x = 3n + 2,\ n \in N, x < 20\}$	$\{2^2,3^2,4^2,\ldots\}$
1.5	$\{x : x = 2n + 1,\ n \in N, x < 10\}$	$\left\{+\frac{1}{3},-\frac{1}{6},+\frac{1}{9},\ldots\right\}$
1.6	$\{x : 3x = x + 8\}$	$\{-4,+5,-6,+7,-8,+9\}$
1.7	$\{x : 3x + 5 = 2(x + 6)\}$	$\left\{\pm\frac{1}{3},\pm\frac{1}{6},\pm\frac{1}{9},\ldots\right\}$
1.8	$\{x : x = 5y + 2,\ 3 < y < 6, y \in Z\}$	$\{1^2,2^2,3^2,4^2,\ldots,9^2\}$
1.9	$\{x : x^2 - 3x + 2 = 0, x \in R\}$	$\{-2,+4,-6,+8\ldots\}$

1.10	$\{x : x = 4y, y \in N, y \le 5\}$	$\left\{\frac{1}{2}, \frac{3}{4}, \frac{5}{6}, \ldots, \frac{19}{20}\right\}$
1.11	$\{x : x = y - z,\ y, z \in \{5,2\}\}$	$\{4,8,12,16,\ldots,60\}$
1.12	$\{x : x = n + 2,\ n \in N, x < 10\}$	$\{2^2, 3^2, 4^2, \ldots, 12^2\}$
1.13	$\{x : x = 2n - 1,\ n \in N, x < 15\}$	$\left\{\frac{2^2}{3}, \frac{3^2}{6}, \frac{4^2}{9}, \ldots\right\}$
1.14	$\{x : 2x = x + 6\}$	$\{4^3, 5^3, 6^3, 7^3, 8^3, 9^3\}$
1.15	$\{x : x + 5 = 2(x + 5)\}$	$\left\{\pm\frac{1}{3}, \pm\frac{1}{6}, \pm\frac{1}{9}, \ldots, \pm\frac{1}{30}\right\}$
1.16	$\{x : x^3 \le 100, x \in Z\}$	$\{3,6,9,12,\ldots\}$
1.17	$\{x : x = 4n + 2,\ n \in N\}$	$\{0, \pm1, \pm2, \pm3, \ldots, \pm7\}$
1.18	$\{x : x = y + z,\ y, z \in \{1,2,3\}\}$	$\left\{\frac{3}{2^2}, \frac{5}{3^2}, \frac{7}{4^2}, \ldots\right\}$
1.19	$\{x : x^2 - 9x + 20 = 0, x \in C\}$	$\{1^2, 3^2, 5^2, 7^2 \ldots\}$
1.20	$\{x : x(x + 3) = 0\}$	$\left\{\frac{2}{1^3}, \frac{4}{2^3}, \frac{6}{3^3}, \ldots\right\}$
1.21	$\{x : 5x + 10 = 30x + 15\}$	$\{3,6,9,12,\ldots,30\}$
1.22	$\{x : -1 \le x \le 10, x \in N\}$	$\left\{\pm\frac{1}{2}, \pm\frac{1}{4}, \pm\frac{1}{6}, \ldots\right\}$
1.23	$\{x : -1 \le x \le 10, x \in Z\}$	$\{2^3, 4^3, 6^3, \ldots\}$
1.24	$\{x : x \in Z, x^2 \le 50\}$	$\{3,6,9,12,\ldots,99\}$
1.25	$\{x : x = 8n - 2,\ n \in N\}$	$\{2,4,8,\ldots,32\}$
1.26	$\{x : x = y + z,\ y, z \in \{2,3,4\}\}$	$\left\{-\frac{2}{2^2}, +\frac{2}{3^2}, -\frac{2}{4^2}, \ldots\right\}$
1.27	$\{x : x^2 + 6x + 8 = 0, x \in N\}$	$\{2^2, 4^2, 6^2 \ldots\}$
1.28	$\{x : (x + 4)(x - 3) = 0\}$	$\left\{\frac{2}{1^3}, \frac{4}{2^3}, \frac{6}{3^3}, \frac{8}{4^3}, \frac{10}{5^3}\right\}$
1.29	$\{x : x + 9 = 3x + 15\}$	$\{0, \pm3, \pm6, \pm9, \ldots, \pm30\}$
1.30	$\{x : -1 \le x \le 8, x \in N\}$	$\left\{\frac{1}{2}, \frac{1}{4}, \frac{1}{6}, \ldots, \frac{1}{22}\right\}$

2. U={1,2,3,4,5,6,7,8,9,10} – универсалды жиын болсын. Берілген *A, B, C* жиындары үшін табу керек:

а) $A \cup C$; ә) $A \cap B$; б) $A \setminus B$; в) $A \oplus B$;
г) $\overline{A \cap B}$; ғ) $\overline{A} \cap \overline{B}$; д) $(A \cup C) \setminus B$; е) $(A \cap B) \cup C$.

№	*A*	*B*	*C*
2.1	{1,2,3,4,5,6,7}	{4,5,6,7,8,9,10}	{2,4,6,8,10}
2.2	{2,3,4,5,6,7,8}	{5,6,7,8,9,10}	{1,3,5,7,9}
2.3	{3,4,5,6,7,8,9}	{6,7,8,9,10}	{1,2,4,6,8,9}
2.4	{6,7,8,9,10}	{1,2,4,6,8,9}	{3,4,5,6,7,8,9}
2.5	{4,5,6,7,8,9,10}	{2,4,6,8,10}	{1,2,3,4,5,6,7}
2.6	{1,3,5,7,9}	{2,3,4,5,6,7,8}	{5,6,7,8,9,10}
2.7	{1,2,3,5,7,9,10}	{3,4,5,6,7,8}	{2,4,6,7,8,9}
2.8	{6,7,8,9,10}	{1,2,3,4,5,6,7}	{3,4,5,6,7,8}
2.9	{1,3,5,7,8,9}	{2,4,6,8,10}	{7,8,9,1,2,3}
2.10	{2,4,6,7,8,9}	{1,3,5,6,7,8}	{8,9,10,1,2,3}
2.11	{2,4,6,8,10}	{1,2,3,4,5,6,7}	{4,5,6,7,8,9,10}
2.12	{1,3,5,7,9}	{2,3,4,5,6,7,8}	{5,6,7,8,9,10}
2.13	{1,2,4,6,8,9}	{3,4,5,6,7,8,9}	{6,7,8,9,10}
2.14	{3,4,5,6,7,8,9}	{6,7,8,9,10}	{1,2,4,6,8,9}
2.15	{1,2,3,4,5,6,7}	{4,5,6,7,8,9,10}	{2,4,6,8,10}
2.16	{5,6,7,8,9,10}	{1,3,5,7,9}	{2,3,4,5,6,7,8}
2.17	{2,4,6,7,8,9}	{1,2,3,5,7,9,10}	{3,4,5,6,7,8}
2.18	{3,4,5,6,7,8}	{6,7,8,9,10}	{1,2,3,4,5,6,7}
2.19	{7,8,9,1,2,3}	{1,3,5,7,8,9}	{2,4,6,8,10}
2.20	{8,9,10,1,2,3}	{2,4,6,7,8,9}	{1,3,5,6,7,8}
2.21	{4,5,6,7,8,9,10}	{2,4,6,8,10}	{1,2,3,4,5,6,7}
2.22	{5,6,7,8,9,10}	{1,3,5,7,9}	{2,3,4,5,6,7,8}
2.23	{6,7,8,9,10}	{1,2,4,6,8,9}	{3,4,5,6,7,8,9}
2.24	{1,2,4,6,8,9}	{3,4,5,6,7,8,9}	{6,7,8,9,10}
2,25	{2,4,6,8,10}	{1,2,3,4,5,6,7}	{4,5,6,7,8,9,10}
2.26	{2,3,4,5,6,7,8}	{5,6,7,8,9,10}	{1,3,5,7,9}
2.27	{3,4,5,6,7,8}	{2,4,6,7,8,9}	{1,2,3,5,7,9,10}
2.28	{1,2,3,4,5,6,7}	{3,4,5,6,7,8}	{6,7,8,9,10}
2.29	{2,4,6,8,10}	{7,8,9,1,2,3}	{1,3,5,7,8,9}
2.30	{1,3,5,6,7,8}	{8,9,10,1,2,3}	{2,4,6,7,8,9}

3. U={1,2,3,4,5,6,7,8,9,10} – универсалды жиын болсын. Берілген A және B жиындары үшін табу керек:

а) $A \times B$; ә) $B \times A$; б) A^2;

в) A жиынының булеанын (яғни ішкі жиындар жиынын);

г) A жиынының қандай да бір бүркеуін;

ғ) A жиынының қандай да бір бөліктеуін;

д) ішкі жиындардың кез келген A жиынын (булеан да емес, бүркеу де емес, бөліктеу де емес).

№	A	B	№	A	B
3.1	{1,2,3}	{4,5}	3.2	{3,4,5}	{7,8}
3.3	{7,8,9}	{1,2,3}	3.4	{7,8,9}	{3,4,5}
3.5	{4,5,8}	{2,3,5}	3.6	{4,7,8}	{9,0}
3.7	{3,4,9}	{6,7,8}	3.8	{2,6,8}	{1,2,3}
3.9	{3,5,7}	{1,4,6}	3.10	{8,9,0}	{1,2,4}
3.11	{1,3,5}	{6,7,8}	3.12	{0,1,2}	{8,9}
3.13	{6,7,8}	{4,5}	3.14	{4,5,6}	{1,2}
3.15	{3,4,8}	{1,9}	3.16	{2,9,5}	{3,4}
3.17	{4,6,8}	{1,2,3}	3.18	{1,2,3}	{4,7,9}
3.19	{1,5,6}	{2,3}	3.20	{1,3,5}	{2,7,8}
3.21	{6,7,9}	{5,8}	3.22	{6,7,8}	{5,9}
3.23	{2,4,6}	{3,5}	3.24	{3,4,7}	{8,9}
3.25	{5,6,0}	{1,2}	3.26	{5,6,8}	{2,3,7}
3.27	{1,3,4}	{7,8}	3.28	{1,3,5}	{6,7}
3.29	{2,7,8}	{4,6,9}	3.30	{3,4,6}	{1,9}

4. Теңдікті Эйлер-Венн диаграммасы көмегімен дәлелдеу керек.

4.1	$A \setminus (B \cup C)=(A \setminus B) \cap (A \setminus C)$	4.2	$(A \cup B) \setminus (C \cap A)=(A \setminus C) \cup (B \setminus A)$
4.3	$A \setminus (B \cap C)=(A \setminus B) \cup (A \setminus C)$	4.4	$(A \cup B) \setminus (C \cap B) = (A \setminus B) \cup (B \setminus C)$
4.5	$(A \setminus B) \cap C=(A \cap C) \setminus (B \cap C)$	4.6	$(B \setminus C) \setminus (A \cup C) = (B \setminus A) \cap (B \setminus C)$
4.7	$(A \setminus B) \cup C=(A \cup C) \setminus (B \setminus C)$	4.8	$A \cup (B \setminus C) = (A \cup B) \setminus (C \setminus A)$
4.9	$A \cap (B \setminus C)=(A \cap B) \setminus (A \cap C)$	4.10	$(A \cap B) \setminus C = (A \cap B) \setminus (A \cap C)$
4.11	$(A \setminus B) \setminus C=(A \setminus C) \setminus (B \setminus C)$	4.12	$(A \cup B) \setminus C = (A \setminus C) \cup (B \setminus C)$
4.13	$(A \setminus C) \cup (A \cap B)=A \setminus (C \setminus B)$	4.14	$B \setminus (A \cap C)=(B \setminus A) \cup (B \setminus C)$
4.15	$(A \cap B) \setminus C =A \cap (B \setminus C)$	4.16	$(B \cap C) \setminus (A \cap C) = (C \setminus A) \cap (B \setminus A)$
4.17	$(A \cup C) \setminus (B \setminus A)=A \cup (C \setminus B)$	4.18	$(A \cap B) \setminus (A \cap C) = (A \setminus C) \cap (B \setminus C)$
4.19	$(A \cap B) \setminus (A \cap C)= (A \cap B) \setminus C$	4.20	$(A \cap B) \setminus C=(A \setminus C) \cap (B \setminus C)$
4.21	$(A \cup B) \setminus C=(A \setminus C) \cup (B \setminus C)$	4.22	$(A \setminus B) \setminus C = (A \setminus B) \cap (A \setminus C)$
4.23	$A \setminus (B \setminus C)=(A \setminus B) \cup (A \cap C)$	4.24	$(C \setminus A) \cup (C \setminus B) = C \setminus (A \cap B)$
4.25	$A \setminus (B \cup C)=(A \setminus B) \setminus C$	4.26	$(B \setminus A) \cup (B \setminus C) = B \setminus (A \cap C)$
4.27	$(A \setminus B) \cap C=(A \cap C) \setminus B$	4.28	$(B \setminus C) \cup (A \cap B)=B \setminus (C \setminus A)$
4.29	$(A \setminus B) \cup (C \setminus B)=(A \cup C) \setminus B$	4.30	$(B \setminus A) \setminus C = (B \setminus C) \setminus (A \setminus C)$

5. $[P]$ және $[Q]$ қандай да бір бинарлық қатынастардың матрицалары болсын. Табу керек $[P \cup Q]$, $[P \cap Q]$, $[P \circ Q]$, $[P^{-1}]$, $[\overline{P}]$. $P \subseteq Q$ және $Q \subseteq P$ енулерін тексеру керек.

№	$[P]$	$[Q]$	№	$[P]$	$[Q]$
5.1	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 1 & 1 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	5.2	$\begin{pmatrix} 0 & 0 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 1 & 1 \end{pmatrix}$
5.3	$\begin{pmatrix} 0 & 0 \\ 1 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 1 & 0 \end{pmatrix}$	5.4	$\begin{pmatrix} 1 & 0 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$
5.5	$\begin{pmatrix} 1 & 1 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 0 & 0 \end{pmatrix}$	5.6	$\begin{pmatrix} 1 & 0 \\ 0 & 0 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 1 & 1 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$
5.7	$\begin{pmatrix} 1 & 1 \\ 0 & 0 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 1 & 0 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	5.8	$\begin{pmatrix} 0 & 0 \\ 1 & 0 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 1 & 1 \\ 1 & 1 \end{pmatrix}$
5.9	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 1 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 0 \\ 1 & 1 \end{pmatrix}$	5.10	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 0 & 0 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 0 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$
5.11	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 1 & 1 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	5.12	$\begin{pmatrix} 0 & 0 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 1 & 1 \end{pmatrix}$
5.13	$\begin{pmatrix} 0 & 0 \\ 1 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 1 & 0 \end{pmatrix}$	5.14	$\begin{pmatrix} 1 & 0 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$
5.15	$\begin{pmatrix} 1 & 1 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 0 & 0 \end{pmatrix}$	5.16	$\begin{pmatrix} 1 & 0 \\ 0 & 0 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 1 & 1 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$
5.17	$\begin{pmatrix} 1 & 1 \\ 0 & 0 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 1 & 0 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	5.18	$\begin{pmatrix} 0 & 0 \\ 1 & 0 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 1 & 1 \\ 1 & 1 \end{pmatrix}$
5.19	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 1 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 0 \\ 1 & 1 \end{pmatrix}$	5.20	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 0 & 0 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 0 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$
5.21	$\begin{pmatrix} 0 & 0 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 1 & 1 \end{pmatrix}$	5.22	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 1 & 1 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$
5.23	$\begin{pmatrix} 1 & 0 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	5.24	$\begin{pmatrix} 0 & 0 \\ 1 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 1 & 0 \end{pmatrix}$
5.25	$\begin{pmatrix} 1 & 0 \\ 0 & 0 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 1 & 1 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	5.26	$\begin{pmatrix} 1 & 1 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 0 & 0 \end{pmatrix}$
5.27	$\begin{pmatrix} 0 & 0 \\ 1 & 0 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 1 & 1 \\ 1 & 1 \end{pmatrix}$	5.28	$\begin{pmatrix} 1 & 1 \\ 0 & 0 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 1 & 0 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$
5.29	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 0 & 0 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 0 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$	5.30	$\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 1 & 1 \end{pmatrix}$	$\begin{pmatrix} 0 & 0 \\ 1 & 1 \end{pmatrix}$

6. $A=\{a,b,c\}$ және $B=\{1,2,3,4\}$ жиындары мен $P_1 \subseteq A \times B$, $P_2 \subseteq B^2$ қатынастары үшін:

а) $[P_1]$ және $[P_2]$ қатынастарының матрицасын құру керек;

ә) қатынастарды графиктік түрде кескіндеу керек;

б) табу керек $P_1^{-1}, \overline{P_1}, P_1 \circ P_2$;

в) P_2 қатынасы үшін рефлексивтік, симметриялық, антисимметриялық, транзитивтілік қасиеттері орындалатынын тексеру керек.

№	P_1	P_2
6.1	$\{(a,1),(a,2),(b,3),(c,2),(c,3),(c,4)\}$	$\{(1,1),(2,1),(2,2),(2,3),(2,4),(3,3),(4,4)\}$
6.2	$\{(a,1),(a,2),(a,3),(a,4),(b,3),(c,2)\}$	$\{(1,1),(1,4),(2,2),(2,3),(3,2),(3,3),(4,1),(4,4)\}$
6.3	$\{(a,1),(a,2),(a,4),(c,2),(c,3),(c,4)\}$	$\{(2,1),(3,1),(3,2),(4,1),(4,3)\}$
6.4	$\{(a,1),(a,2),(b,2),(b,4),(c,3),(c,2)\}$	$\{(1,1),(1,2),(2,2),(4,3),(3,3),(4,4)\}$
6.5	$\{(a,1),(a,4),(b,2),(b,3),(c,1),(c,4)\}$	$\{(1,1),(1,4),(2,1),(4,3),(3,4),(4,1)\}$
6.6	$\{(a,1),(a,2),(a,4),(b,1),(b,4),(c,3)\}$	$\{(1,1),(2,4),(2,1),(3,3),(4,1),(4,2)\}$
6.7	$\{(a,1),(b,1),(b,3),(b,4),(c,3),(c,2)\}$	$\{(1,3),(1,4),(2,2),(4,3),(3,3),(4,4)\}$
6.8	$\{(a,1),(b,3),(c,1),(c,3),(c,2),(c,4)\}$	$\{(1,1),(1,2),(1,4),(2,1),(2,2),(2,3),$ $(3,2),(3,3),(3,4),(4,1),(4,3),(4,4)\}$
6.9	$\{(a,1),(a,2),(a,4),(b,3),(c,1),(c,4)\}$	$\{(1,3),(1,2),(2,3),(3,2),(3,4),(4,1)\}$
6.10	$\{(a,2),(a,3),(b,2),(b,3),(c,1),(c,4)\}$	$\{(1,1),(1,2),(2,2),(4,1),(3,3),(4,4)\}$
6.11	$\{(a,2),(a,4),(b,3),(c,1),(c,2)\}$	$\{(1,1),(1,3),(2,4),(3,1),(3,4),(4,2),(4,3)\}$
6.12	$\{(b,1),(b,3),(c,1),(c,3),(c,2),(c,4)\}$	$\{(1,1),(2,2),(2,3),(2,4),(3,2),(3,3),$ $(3,4),(4,2),(4,3),(4,4)\}$
6.13	$\{(a,1),(a,2),(a,4),(b,2),(b,4),(c,3)\}$	$\{(1,1),(2,2),(2,4),(3,3),(4,4),(4,2)\}$
6.14	$\{(a,2),(a,3),(a,4),(c,1),(c,4),(c,3)\}$	$\{(1,4),(2,3),(2,1),(3,4),(4,2)\}$
6.15	$\{(a,1),(a,2),(b,3),(b,4),(c,3),(c,4)\}$	$\{(1,1),(1,4),(2,1),(2,2),(2,4),(3,3)\}$
6.16	$\{(a,2),(a,3),(a,4),(b,1),(b,2),(b,4)\}$	$\{(1,1),(1,3),(1,4),(2,2),(2,3),(3,3),(3,2),(4,3),(4,4)\}$
6.17	$\{(a,3),(b,4),(b,3),(b,1),(b,2),(c,2)\}$	$\{(1,1),(1,3),(2,4),(3,3),(3,1),(4,2)\}$
6.18	$\{(a,3),(b,4),(b,3),(c,1),(c,2),(c,4)\}$	$\{(1,2),(1,3),(1,4),(2,3),(4,3),(4,2)\}$
6.19	$\{(a,1),(b,2),(b,3),(c,1),(c,3),(c,4)\}$	$\{(1,1),(1,2),(1,3),(2,2),(2,3),(3,3),(3,4),(4,1),(4,4)\}$
6.20	$\{(a,2),(a,3),(a,4),(c,1),(c,2),(b,3)\}$	$\{(1,1),(1,4),(2,3),(4,1),(4,3),(4,4),(3,3)\}$
6.21	$\{(a,2),(a,4),(b,1),(b,2),(b,4),$ $(c,2),(c,4)\}$	$\{(1,1),(2,2),(2,4),(3,3),(4,4),(4,1),(3,2),(1,3)\}$
6.22	$\{(a,3),(a,4),(b,1),(b,4),(c,2),(c,4)\}$	$\{(1,1),(2,2),(2,4),(2,3),(4,4),(4,2),(3,3),(3,4)\}$
6.23	$\{(a,2),(a,3),(a,4),(b,1),(c,4),$ $(c,2),(c,3)\}$	$\{(1,1),(1,4),(2,1),(2,2),(2,4),(3,2),(3,3),$ $(3,4),(4,3),(4,4)\}$

6.24	$\{(a,3),(b,2),(b,1),(b,4),(c,1),$ $(c,2),(c,4)\}$	$\{(1,1),(1,2),(1,4),(2,2),(2,4),(3,3),(3,2),(3,4),(4,4)\}$
6.25	$\{(a,2),(a,3),(a,4),(b,3),(c,4),(c,1)\}$	$\{(1,1),(2,2),(2,3),(1,4),(3,4),(4,2),(2,4)\}$
6.26	$\{(a,1),(a,2),(a,3),(a,4),(b,3),(c,2)\}$	$\{(1,1),(1,4),(2,2),(2,3),(3,2),(3,3),(4,1),(4,4)\}$
6.27	$\{(a,1),(a,2),(a,4),(c,3),(c,2),(c,4)\}$	$\{(2,1),(3,1),(3,2),(4,1),(4,2)\}$
6.28	$\{(a,1),(a,2),(b,2),(b,4),(c,3),(c,2)\}$	$\{(1,1),(1,2),(2,2),(4,3),(3,3),(4,4)\}$
6.29	$\{(a,1),(a,4),(b,2),(b,3),(c,1),(c,2)\}$	$\{(1,1),(1,4),(2,1),(4,3),(3,4),(4,1)\}$
6.30	$\{(a,1),(a,2),(a,4),(b,1),(b,4),(c,2)\}$	$\{(1,1),(2,4),(2,1),(3,3),(4,1),(4,3)\}$

7. $A=\{1,2,3,4\}$ жиынында P қатынасының эквиваленттік қатынас болатындығын дәлелдеу керек. Эквиваленттік кластарын және фактор-жиынды құру керек.

№	P	№	P
7.1	$\{(1,1),(1,2),(2,1),(2,2),(3,3),(4,4)\}$	7.2	$\{(1,1),(1,2),(1,4),(2,1),(2,2),(2,4),(3,3),(4,1),$ $(4,2),(4,4)\}$
7.3	$\{(1,1),(4,2),(2,4),(2,2),(3,3),(4,4)\}$	7.4	$\{(1,1),(2,3),(3,2),(2,2),(3,3),(4,4)\}$
7.5	$\{(1,1),(1,3),(3,1),(2,2),(3,3),(4,4)\}$	7.6	$\{(1,1),(4,3),(3,4),(2,2),(3,3),(4,4)\}$
7.7	$\{(1,1),(1,4),(4,1),(2,2),(3,3),(4,4)\}$	7.8	$\{(1,1),(3,2),(1,4),(2,2),(2,3),(3,3),(4,1),(4,4)\}$
7.9	$\{(1,1),(2,2),(2,3),(2,4),(3,2),(3,4),(3,3),$ $(4,2),(4,3),(4,4)\}$	7.10	$\{(1,1),(1,2),(1,4),(2,1),(2,2),(2,4),(3,3),(4,1),$ $(4,2),(4,4)\}$
7.11	$\{(1,1),(1,3),(3,1),(2,2),(2,4),(3,3),(4,2),(4,4)\}$	7.12	$\{(1,1),(1,2),(2,1),(2,2),(3,3),(4,4)\}$
7.13	$\{(1,1),(2,3),(3,2),(2,2),(3,3),(4,4)\}$	7.14	$\{(1,1),(4,2),(2,4),(2,2),(3,3),(4,4)\}$
7.15	$\{(1,1),(4,3),(3,4),(2,2),(3,3),(4,4)\}$	7.16	$\{(1,1),(1,3),(3,1),(2,2),(3,3),(4,4)\}$
7.17	$\{(1,1),(3,2),(1,4),(2,2),(2,3),(3,3),$ $(4,1),(4,4)\}$	7.18	$\{(1,1),(1,4),(4,1),(2,2),(3,3),(4,4)\}$
7.19	$\{(1,1),(1,3),(3,1),(2,2),(2,4),$ $(3,3),(4,2),(4,4)\}$	7.20	$\{(1,1),(2,2),(2,3),(2,4),(3,2),(3,4),(3,3),(4,2),$ $(4,3),(4,4)\}$
7.21	$\{(1,1),(1,2),(2,1),(2,2),(3,3),(4,4)\}$	7.22	$\{(1,1),(1,2),(1,4),(2,1),(2,2),(2,4),(3,3),(4,1),$ $(4,2),(4,4)\}$
7.23	$\{(1,1),(4,2),(2,4),(2,2),(3,3),(4,4)\}$	7.24	$\{(1,1),(2,3),(3,2),(2,2),(3,3),(4,4)\}$
7.25	$\{(1,1),(1,3),(3,1),(2,2),(3,3),(4,4)\}$	7.26	$\{(1,1),(4,3),(3,4),(2,2),(3,3),(4,4)\}$
7.27	$\{(1,1),(1,4),(4,1),(2,2),(3,3),(4,4)\}$	7.28	$\{(1,1),(3,2),(1,4),(2,2),(2,3),(3,3),(4,1),(4,4)\}$
7.29	$\{(1,1),(2,2),(2,3),(2,4),(3,2),(3,4),(3,3),$ $(4,2),(4,3),(4,4)\}$	7.30	$\{(1,1),(1,3),(3,1),(2,2),(2,4),(3,3),(4,2),(4,4)\}$

8. A={1,2,3,4,5,6} жиынының бөліктеуі үшін сәйкес эквиваленттілік қатынасын құру керек. Ол неге эквиваленттілік қатынасы болады? Эквиваленттілік кластар мен фактор – жиындарды жазу керек.

№	$\mathcal{A}$	№	$\mathcal{A}$
8.1	{{1,2},{3,4},{5,6}}	8.2	{{1},{2},{3},{4,5},{6}}
8.3	{{1},{2,3},{4,5,6}}	8.4	{{1},{2,3,4},{5,6}}
8.5	{{1,2,3},{4},{5,6}}	8.6	{{1},{2,3},{4},{5,6}}
8.7	{{1},{2},{3,4},{5,6}}	8.8	{{1,2},{3},{4,5},{6}}
8.9	{{1,2,3,4},{5},{6}}	8.10	{{1,2,3,4},{5,6}}
8.11	{{1,2},{3},{4},{5,6}}	8.12	{{1},{2,3,4,5},{6}}
8.13	{{1},{2,3,4},{5},{6}}	8.14	{{1},{2},{3},{4},{5,6}}
8.15	{{1,2},{3,4}{5},{6}}	8.16	{{1},{2},{3,4},{5},{6}}
8.17	{{1},{2},{3},{4,5,6}}	8.18	{{1},{2},{3},{4},{5},{6}}
8.19	{{1},{2},{3,4,5},{6}}	8.20	{{1},{2},{3,4,5,6}}
8.21	{{1,2,3,4,5},{6}}	8.22	{{1,2,3},{4},{5},{6}}
8.23	{{1,2,3},{4,5,6}}	8.24	{{1},{2,3},{4,5},{6}}
8.25	{{1,2},{3,4,5,6}}	8.26	{{1},{2,3,4,5,6}}
8.27	{{1,2},{3},{4},{5},{6}}	8.28	{{2},{1,3,4,5},{6}}
8.29	{{1,2,3},{4,5},{6}}	8.30	{{3},{1,2,4,5},{6}}

9. A={a,d,c,d,e} немесе A={a,d,c,d} жиынында P қатынасының реттік қатынас ($P = \prec$) болатындығын дәлелдеу керек. Бұл қандай реттілік (бөліктеп қатаң емес, қатаң, сызықты)? Реттелген $(A, \prec)$ жиыны үшін Хассе диаграммасын құру керек.

№	P	№	P
9.1	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(a,c),(b,c)}	9.2	{(a,c),(b,c),(b,d),(c,d),(a,d)}
9.3	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(a,c),(b,c),(c,d), (a,d),(b,d)}	9.4	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(e,e),(a,b),(a,c), (a,e), (d,b),(e,b)}
9.5	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(a,b),(a,c),(b,c), (b,d),(c,d),(a,d)}	9.6	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(e,e),(c,a),(c,b), (c,e),(d,a),(d,b),(d,e),(e,a),(e,b)}
9.7	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(e,e),(d,a),(d,b), (d,c),(e,a),(e,b),(e,c),(e,d)}	9.8	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(e,e),(a,b),(a,c), (e,d), (e,c)}
9.9	{(a,b),(c,a),(c,b,),(d,a),(d,b),(e,a),(e,b)}	9.10	{(a,b),(a,c),(b,c),(b,d),(c,d),(a,d)}
9.11	{(a,b),(c,b),(d,a),(d,b),(d,c),(d,e)}	9.12	{(c,a),(c,b),(c,e),(d,a),(d,b),(d,e),(e,a),(e,b)}
9.13	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(e,e),(a,b),(c,b), (d,a),(d,b),(d,c),(d,e)}	9.14	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(e,e),(a,b),(c,a), (c,b), (d,a),(d,b),(e,a),(e,b)}
9.15	{(a,b),(a,c),(a,e),(d,b),(e,b)}	9.16	{(a,b),(c,b),(a,c),(e,d,),(e,c),(e,b)}
9.17	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(a,c),(b,c)}	9.18	{(a,c),(b,c),(b,d),(c,d),(a,d)}
9.19	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(a,c),(b,c),(c,d), (a,d),(b,d)}	9.20	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(e,e),(a,b),(a,c), (a,e), (d,b),(e,b)}
9.21	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(a,b),(a,c),(b,c), (b,d),(c,d),(a,d)}	9.22	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(e,e),(c,a),(c,b), (c,e),(d,a),(d,b),(d,e),(e,a),(e,b)}
9.23	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(e,e),(d,a),(d,b), (d,c),(e,a),(e,b),(e,c),(e,d)}	9.24	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(e,e),(a,b),(a,c), (e,d), (e,c)}
9.25	{(a,b),(c,a),(c,b,),(d,a),(d,b),(e,a),(e,b)}	9.26	{(a,b),(a,c),(b,c),(b,d),(c,d),(a,d)}
9.27	{(a,b),(c,b),(d,a),(d,b),(d,c),(d,e)}	9.28	{(c,a),(c,b),(c,e),(d,a),(d,b),(d,e),(e,a), (e,b)}
9.29	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(e,e),(a,b),(c,b), (d,a),(d,b),(d,c),(d,e)}	9.30	{(a,a),(b,b),(c,c),(d,d),(e,e),(a,b),(c,a), (c,b),(d,a),(d,b),(e,a),(e,b)}

10. P және Q қатынастары берілген. Бұл қатынастардың функция болатындығын дәлелдеу керек. $P \circ Q$, $Q \circ P$ композицияларын табу керек. Бұл қатынастарға инъективтілік, сюръективтілік, биективтілік қасиеттері орындала ма?

10.1	$P=\{(x,x^2+1)/x\in R\}$ $Q=\{(x,x+3)/x\in R\}$	10.2	$P=\{(x,\sqrt{x^2+2})/x\in R\}$ $Q=\{(x,x^2+3)/x\in R\}$
10.3	$P=\{(x,e^x)/x\in R\}$ $Q=\{(x,3x-2)/x\in R\}$	10.4	$P=\{(x,3x^2+4)/x\in R\}$ $Q=\{(x,x-6)/x\in R\}$
10.5	$P=\{(x,e^x)/x\in R\}$ $Q=\{(x,2x+1)/x\in R\}$	10.6	$P=\{(x,\sin x)/x\in R\}$ $Q=\{(x,3x)/x\in R\}$
10.7	$P=\{(x,\sqrt[3]{x})/x\in R\}$ $Q=\{(x,x^2-6)/x\in R\}$	10.8	$P=\{(x,\cos x)/x\in R\}$ $Q=\{(x,1-x)/x\in R\}$
10.9	$P=\{(x,x^2+3)/x\in R\}$ $Q=\{(x,7x-2)/x\in R\}$	10.10	$P=\{(x,x^3)/x\in R\}$ $Q=\{(x,6x+2)/x\in R\}$
10.11	$P=\{(x,x^2+4)/x\in R\}$ $Q=\{(x,8x)/x\in R\}$	10.12	$P=\{(x,x^2+4)/x\in R\}$ $Q=\{(x,6x+2)/x\in R\}$
10.13	$P=\{(x,x^4)/x\in R\}$ $Q=\{(x,3x+5)/x\in R\}$	10.14	$P=\{(x,x^2+7)/x\in R\}$ $Q=\{(x,x-3)/x\in R\}$
10.15	$P=\{(x,x^2+6)/x\in R\}$ $Q=\{(x,4x+3)/x\in R\}$	10.16	$P=\{(x,x^2+4)/x\in R\}$ $Q=\{(x,2x-8)/x\in R\}$
10.17	$P=\{(x,\sin x)/x\in R\}$ $Q=\{(x,5x+3)/x\in R\}$	10.18	$P=\{(x,x^2-5)/x\in R\}$ $Q=\{(x,7x+1)/x\in R\}$
10.19	$P=\{(x,x^2+6)/x\in R\}$ $Q=\{(x,x+1)/x\in R\}$	10.20	$P=\{(x,e^x)/x\in R\}$ $Q=\{(x,5x+2)/x\in R\}$
10.21	$P=\{(x,x^2+8)/x\in R\}$ $Q=\{(x,2x-5)/x\in R\}$	10.22	$P=\{(x,e^x)/x\in R\}$ $Q=\{(x,2x+1)/x\in R\}$
10.23	$P=\{(x,x^2-4)/x\in R\}$ $Q=\{(x,5x+6)/x\in R\}$	10.24	$P=\{(x,x^3)/x\in R\}$ $Q=\{(x,7x+8)/x\in R\}$
10.25	$P=\{(x,x^2+4)/x\in R\}$ $Q=\{(x,2x-8)/x\in R\}$	10.26	$P=\{(x,\cos x)/x\in R\}$ $Q=\{(x,5x+1)/x\in R\}$
10.27	$P=\{(x,x^2+7)/x\in R\}$ $Q=\{(x,\frac{x+9}{4})/x\in R\}$	10.28	$P=\{(x,x^2+3)/x\in R\}$ $Q=\{(x,7x-2)/x\in R\}$
10.29	$P=\{(x,x^4)/x\in R\}$ $Q=\{(x,3x+5)/x\in R\}$	10.30	$P=\{(x,e^x)/x\in R\}$ $Q=\{(x,3x-2)/x\in R\}$

1.3 Типтік варианттың шешуі

1. а) $A=\{x:-3<x<4, x\in N\}$ жиынын элементтерін тізу арқылы жазу керек.

Шешуі: N={1,2,3,4,…} болғандықтан A={1,2,3}.

1. ә) $A=\left\{+\frac{2}{1},-\frac{4}{3},+\frac{6}{5},-\frac{8}{7}\right\}$ жиынын жалпы қасиеті бойынша арқылы жазу керек.

Шешуі:

$$A=\left\{x: x=(-1)^{n+1}\frac{2n}{2n-1},\ n\in N,\ n\le 4\right\}.$$

2. U={1,2,3,4,5,6,7,8,9,10} – универсал жиыны берілген болсын. Берілген A={1,2,3,8,9,10}, B={1,3,5,6,7,8}, C={2,4,6,7,8,9} жиындары үшін табу керек:

а) $A\cup C$; ә) $A\cap B$; б) $A\setminus B$; в) $A\oplus B$;

г) $\overline{A\cap B}$; ғ) $\overline{A}\cap\overline{B}$; д) $(A\cup C)\setminus B$; е) $(A\cap B)\cup C$.

Шешуі:

а) $A\cup C=\{1,2,3,4,6,7,8,9,10\}$;

ә) $A\cap B=\{1,3,8\}$;

б) $A\setminus B=\{2,9,10\}$;

в) $A\oplus B=(A\setminus B)\cup(B\setminus A)=\{2,9,10\}\cup\{5,6,7\}=\{2,5,6,7,9,10\}$;

г) $\overline{A\cap B}=U\setminus(A\cap B)=\{2,4,5,6,7,9,10\}$;

ғ) $\overline{A}\cap\overline{B}=\{4,5,6,7\}\cap\{2,4,9,10\}=\{4\}$;

д) $(A\cup C)\setminus B=\{2,4,9,10\}$;

е) $(A\cap B)\cup C=\{1,2,3,4,6,7,8,9\}$.

3. U={1,2,3,4,5,6,7,8,9,10} – универсал жиыны берілген болсын. Берілген A={3,4,5} және B={6,7,9} жиындары үшін:

а) $A\times B$; ә) $B\times A$; б) A^2;

в) A жиынының булеанын (яғни ішкі жиындар жиынын);

г) A жиынының қандай да бір бүркеуін;

ғ) A жиынының қандай да бір бөліктеуін;

д) ішкі жиындардың кез келген A жиынын (булеан да емес, бүркеу де емес, бөліктеу де емес).

Шешуі:

а) $A\times B=\{(a,b): a\in A, b\in B\}=$

$=\{(3,6),(3,7),(3,9),(4,6),(4,7),(4,9),(5,6),(5,7),(5,9)\}$;

ә) $B\times A=\{(6,3),(6,4),(6,5),(7,3),(7,4),(7,5),(9,3),(9,4),(9,5)\}$;

б) $A^2=A\times A=\{(3,3),(3,4),(3,5),(4,3),(4,4),(4,5),(5,3),(5,4),(5,5)\}$;

в) A жиыны үш элементтен тұрғандықтан, оның $\mathscr{P}(A)$ булеаны $2^3=8$ элементтен тұрады: $\mathscr{P}(A)=\{\varnothing, A, \{3\}, \{4\}, \{5\}, \{3,4\}, \{3,5\}, \{4,5\}\}$;

г) мысалы, $A_1=\{\{3,4\},\{4,5\},\{5\}\}$ - A-ның бүркеуі;

ғ) мысалы, $A_2=\{\{3\},\{4,5\}\}$- A-ның бөліктеуі;

д) мысалы, $A_3=\{\{4\},\{5\}\}$ - булеан да емес, бөліктеу де емес, бүркеу де емес.

4. $B\setminus(A\cup C)=(B\setminus A)\cap(B\setminus C)$ теңдігін Эйлер-Венн диаграммасы көмегімен дәлелдеу керек.

Шешуі: теңдіктің сол және оң жақтарын Эйлер-Венн диаграммасында бейнелейміз.

Сол жағы.



1.1 сурет- Эйлер –Венн диаграммасы

Оң жағы.



1.2 сурет- Эйлер –Венн диаграммасы

Сол және оң жақтарды бейнелейтін суреттерде жиындардың бірдей бөліктері белгіленген, бұл теңдікті дәлелдейді.

5. [P] =$\begin{pmatrix}1 & 0\\ 1 & 0\end{pmatrix}$ және [Q] = $\begin{pmatrix}0 & 1\\ 1 & 0\end{pmatrix}$ матрицалары қандай да бір бинарлық қатынастың матрицалары болсын. Табу керек [P$\cup$Q], [P$\cap$Q], [P$\circ$Q], [P^{-1}], [$\overline{P}$] . P$\subseteq$Q және Q$\subseteq$ P енулерінің орындалуын тексеру керек.

Шешуі: егер [P] = (p_{ij}), [Q] = (q_{ij}), онда [P$\cup$Q] =$(p_{ij}+q_{ij})$= [P]+[Q], мұндағы матрицалардың элементтері келесі ережелермен қосылады: 0+0=0, 1+0 = 0+1 = 1+1 =1; [P$\cap$Q] = =$(p_{ij}\cdot q_{ij})$= [P]*[Q], яғни сәйкес элементтер

кәдімгі ереже бойынша көбейтіледі: $0\cdot 0= 0\cdot 1= 1\cdot 0= 0$, $1\cdot 1= 1$; $[P\circ Q]=[P]\cdot[Q]$ - матрицалар кәдімгідей көбейтіледі, бірақ [P] және [Q] матрицаларының элементтері жоғарыда келтірілген ереже бойынша қосылып, көбейтіледі; $[P^{-1}]=[P]^T$, мұндағы P^{-1} қатынасы P қатынасына кері қатынас; $\overline{P}$ - P қатынасының толықтауышы және оның $[\overline{P}]$ матрицасы P қатынасының матрицасына тең, тек нөлдер бірмен, ал бірлер нөлдермен алмастырылған; егер $P\subseteq Q$, онда $p_{ij}\le q_{ij}\ \forall i,j$.

Біздің жағдайда:

$$[P\cup Q]=\begin{pmatrix}1+0 & 0+1\\ 1+1 & 0+0\end{pmatrix}=\begin{pmatrix}1 & 1\\ 1 & 0\end{pmatrix};$$

$$[P\cap Q]=\begin{pmatrix}1\cdot 0 & 0\cdot 1\\ 1\cdot 1 & 0\cdot 0\end{pmatrix}=\begin{pmatrix}0 & 0\\ 1 & 0\end{pmatrix};$$

$$[P\circ Q]=\begin{pmatrix}1\cdot 0+0\cdot 1 & 1\cdot 1+0\cdot 0\\ 1\cdot 0+0\cdot 1 & 1\cdot 1+0\cdot 0\end{pmatrix}=\begin{pmatrix}0 & 1\\ 0 & 1\end{pmatrix};$$

$$[P^{-1}]=\begin{pmatrix}1 & 0\\ 1 & 0\end{pmatrix}^T=\begin{pmatrix}1 & 1\\ 0 & 0\end{pmatrix};$$

$$[\overline{P}]=\begin{pmatrix}0 & 1\\ 0 & 1\end{pmatrix};\quad \left.\begin{matrix}p_{11}=1; & q_{11}=0\\ p_{12}=0; & q_{12}=1\\ p_{21}=1; & q_{21}=1\\ p_{22}=0; & q_{22}=0\end{matrix}\right\}\to$$ мысалы, p_{11} элементінің мәні q_{11} элементінің мәнінен кіші не тең емес болғандықтан, $P\subseteq Q$ енуі орынды емес;

q_{12} элементінің мәні p_{12} элементінің мәнінен кіші не тең емес болғандықтан, $Q\subseteq P$ енуі де орынды емес.

6. A={a,b,c,d} ээне B={1,2,3,4} жиындары мен $P_1=\{(a,1),(a,2),(c,1),(c,2),(c,4),(d,4)\}$ және $P_2=\{(1,1),(2,1),(2,4),(3,3),(4,1),(4,3)\}$ $P_1\subseteq A\times B$, $P_2\subseteq B^2$ қатынастары үшін:

а) $[P_1]$ және $[P_2]$ қатынастарының матрицасын құру керек;

ә) қатынастарды графиктік түрде кескіндеу керек;

б) табу керек $P_1^{-1},\overline{P_1},P_1\circ P_2$;

в) P_2 қатынасы үшін рефлексивтік, симметриялық, антисимметриялық транзитивтілік қасиеттері орындалатынын тексеру керек.

Шешуі:

а) егер $p_{ij}=\begin{cases}1,(a_i,b_j)\in P\\ 0,(a_i,b_j)\notin P\end{cases}, i=1,2,...,m, j=1,2,...n$ болса, онда анықтама бойынша $[P]=(p_{ij})$ - P қатынасының матрицасы

Сонымен, $[P_1]=\begin{pmatrix}1&1&0&0\\0&0&0&0\\1&1&0&1\\0&0&0&1\end{pmatrix}$, $[P_2]=\begin{pmatrix}1&0&0&0\\1&0&0&1\\0&0&1&0\\1&0&1&0\end{pmatrix}$;

ә) P_1 және P_2 қатынастарының графиктік түрде кескінделуі 3 және 4 суреттерінде көрсетілген.



1. 3 сурет - P_1 графигі



1.4 сурет - P_2 графигі

б) $P^{-1}=\{(b,a)/(a,b)\in P\}$ болғандықтан, онда

$P_1^{-1}=\{(1,a),(2,a),(1,c),(2,c),\ (4,c),(4,d)\}$, $P_1^{-1}\subseteq B\times A$.

$\overline{P}=\{(a,b)/(a,b)\notin P\}, \overline{P}\subseteq A\times B$ және

$A\times B=\{(a,1),(a,2),(a,3),(a,4),(b,1),(b,1),(b,2),(b,3),(b,4)(c,1),(c,2),(c,3),(c,4),$ $(d,1),(d,2),(d,3),(d,4)\}$ ескерсек, онда P_1 -дің толықтауышы

$\overline{P_1}=\{(a,3),(a,4),(b,1),(b,1),(b,2),(b,3),(b,4),(c,3),(d,1),(d,2),(d,3)\}$ болады.

Анықтама бойынша $P_1\circ P_2$ = {(a,c)| a$\in$A, c$\in$C және $\exists$b$\in$B: (a,b)$\in$ P_1 және (b,c)$\in P_2$}, мұндағы $P_1\subseteq A\times B$, $P_2\subseteq B\times C$ онда

$P_1\circ P_2=\{(a,1),(a,4),(c,1),(c,4),(c,3),(d,1),(d,3)\}$;

в) P_2 қатынасының қасиеттерін оның матрицасы арқылы анықтаған қолайлы $[P_2]=\begin{pmatrix}1&0&0&0\\1&0&0&1\\0&0&1&0\\1&0&1&0\end{pmatrix}$.

Бұл матрицаның бас диагоналінде тек бірлер ғана емес болғандықтан, P_2 қатынасы рефлексивті емес;

$[P_2]^T = \begin{pmatrix} 1 & 1 & 0 & 1 \\ 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 1 & 1 \\ 0 & 1 & 0 & 0 \end{pmatrix} \neq [P_2]$, яғни $[P_2] \neq [P_2]^T$ болғандықтан, ол симметриялы емес. $[P_2] * [P_2]^T = \begin{pmatrix} 1 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 1 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 \end{pmatrix}$ матрицасының бас диагоналден басқа элементтердің бәрі нөлдер болғандықтан, P_2 қатынасы антисимметриялы; мысалы, $(2,4) \in P_2, (4,3) \in P_2$, бірақ $(2,3) \notin P_2$, онда P_2 транзитивті емес.

Айта кетелік, транзитивті не транзитивті еместігін қатынастың матрицасы арқылы анықтауға болады: $P \circ P \subseteq P$ орындалуы керек немесе егер $[P \circ P] = [P] \cdot [P] = (a_{ij})$, $[P] = (p_{ij})$, онда $a_{ij} \leq p_{ij}$.

7. $A = \{1,2,3,4\}$ жиынында $P = \{(1,1),(1,2),(2,1),(2,2),(3,3),(3,4),$ $(4,3),(4,4)\}$ қатынасының эквиваленттік қатынас болатындығын дәлелдеу керек. Эквиваленттік кластарын және фактор-жиынды құру керек.

Шешуі: егер E қатынасы рефлексивті, симметриялы, транзитивті болса, онда ол эквивалентті болады. P қатынасының матрицасын құрып, ол бойынша қасиеттерін анықтаймыз.

$$[P] = \begin{pmatrix} 1 & 1 & 0 & 0 \\ 1 & 1 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 1 & 1 \\ 0 & 0 & 1 & 1 \end{pmatrix}.$$

Бұл матрицаның бас диагоналінде тек бірлер болғандықтан, P қатынасы рефлексивті; $[P] = [P]^T$ болғандықтан, ол симметриялы.

$$[P \circ P] = [P] \cdot [P] = \begin{pmatrix} 1 & 1 & 0 & 0 \\ 1 & 1 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 1 & 1 \\ 0 & 0 & 1 & 1 \end{pmatrix}.$$

Сонымен, $[P \circ P] = [P]$, бұл P-ның транзитивтілігін дәлелдейді.

P – рефлексивті, симметриялы, транзитивті, сондықтан ол эквивалентті қатынас болады.

$a \in A$ элементінің эквивалентті класы деп $[a]_E = [a] = \{x : (x,a) \in E\}$ жиыны айтылады. Барлық эквиваленттік кластар жиыны $A/E = \{[a]_E : a \in A\}$ A жиынының E-ге қатысты фактор-жиыны деп аталады.

A/E жиыны A жиынының бөліктеуі болып табылады.

$A = \{1,2,3,4\}$ жиынының әрбір элементі үшін эквивалентті кластары:

$[1]=\{x:(x,1)\in P\}=\{1;2\}$;
$[2]=\{x:(x,2)\in P\}=\{1;2\}$;
$[3]=\{x:(x,3)\in P\}=\{3;4\}$;
$[4]=\{x:(x,4)\in P\}=\{3;4\}$.
Сонымен, $[1]=[2], [3]=[4]$.

A жиынының P-ге қатысты фактор-жиыны: $A/P=\{\{1,2\},\{3,4\}\}$.

8. A={1,2,3,4,5,6} жиынының $\mathcal{A}$ = {{1,3},{2,4,5},{6}} бөліктеуі үшін сәйкес эквиваленттілік қатынасын құру керек. Ол неге эквиваленттілік қатынасы болады? Эквиваленттілік кластар мен фактор – жиындарды жазу керек.

Шешуі: $\mathcal{A}=\{A_1,A_2,...,A_n\}$– А жиынының бөліктеуі болсын, мұндағы $A_i\,(i=1,2,...,n)$ – А жиынының ішкі жиындары. Сонда $E=\{(x,y):x,y\in A_i, i=1,2,...,n\}$ – осы бөліктеуге сәйкес эквиваленттік қатынасы.

Сонымен, біздің жағдайда E ={(1,1),(1,3),(3,1),(3,3),(2,2)(2,4),(2,5), (4,2),(4,4)(4,5),(5,2),(5,4),(5,5),(6,6)} – берілген бөліктеуге сәйкес эквиваленттік қатынасы. Бұл эквиваленттік қатынас екендігіне көз жеткізу үшін, оның матрицасын табамыз:

$$[E]=\begin{pmatrix}1&0&1&0&0&0\\0&1&0&1&1&0\\1&0&1&0&0&0\\0&1&0&1&1&0\\0&1&0&1&1&0\\0&0&0&0&0&1\end{pmatrix}.$$

Матрица бойынша E рефлексивті екендігін анықтаймыз (бас диагоналда бәрі нөлдер), симметриялы ($[E]=[E]^T$), транзитивті ($[E\circ E]=[E]$). Сондықтан, E – эквиваленттік қатынас. Эквиваленттік кластары: [1]=[3]={1,3}, [2]=[4]=[5]={2,4,5}, [6]={6}. A жиынының E-ге қатысты фактор-жиыны берілген бөліктеу $\mathcal{A}=A/E$={{1,3},{2,4,5},{6}} болып табылады.

9. A={a,d,c,d,e} жиынында $P=\{(a,b),(a,c),(a,d),(a,e),(b,e),(c,e)\}$ қатынасының реттік қатынас ($P=\prec$) болатындығын дәлелдеу керек. Бұл қандай реттілік (бөліктеп қатаң емес, қатаң, сызықты)? Реттелген $(A,\prec)$ жиыны үшін Хассе диаграммасын құру керек.

Шешуі: қатынас ретінің терминологиясы мен классификациясы әр оқулықта әртүрлі екенін айта кетелік. Біз төменде келтірілген сұлбаны ұстанамыз. 5-суретте $P\subseteq A^2$ қатынасы қарастырылған. Д,р,ж,, с.р.ж., ж.р.ж

қысқартулары дербес, сызықты, жақсы реттелген жиындпрды белгілеу үшін қолданылды. Сонымен қатар, егер A ақырлы жиын болса, онда сызықты реттелген жиын жақсы реттелген жиын да болады.



1.5 сурет - Қатынас реті

Біздің қатынас үшін рефлексивті, симметриялы, антисимметриялы және транзитивті қасиеттерінің орындалуын тексереміз. Оны қатынастың матрица - сы арқылы тексерген қолайлы.

$$[P]=\begin{pmatrix} 0 & 1 & 1 & 1 & 1 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 1 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 1 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \end{pmatrix}$$ – берілген қатынастың матрицасы.

Бұл матрицаның бас диагоналінде тек бірлер емес болғандықтан, P қатынасы рефлексивті емес; $[P]^T=\begin{pmatrix} 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 1 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 1 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 1 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 1 & 1 & 1 & 0 & 0 \end{pmatrix}\neq[P]$, яғни P симметриялы емес; $[P]*[P]^T=\begin{pmatrix} 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \end{pmatrix}$, матрицасының бас диагоналден басқа элементтердің бәрі нөлдер болғандықтан, P қатынасы антисимметриялы; P қатынастың транзитивті болуы үшін, $P\circ P\subseteq P$ енуі немесе егер $[P\circ P]=(a_{ij})$, $[P]=(p_{ij})$, онда $a_{ij}\leq p_{ij}$.

Ол үшін

$$[P\circ P]==[P]\cdot[P]=\begin{pmatrix}0&1&1&1&1\\0&0&0&0&1\\0&0&0&0&1\\0&0&0&0&0\\0&0&0&0&0\end{pmatrix}\cdot\begin{pmatrix}0&1&1&1&1\\0&0&0&0&1\\0&0&0&0&1\\0&0&0&0&0\\0&0&0&0&0\end{pmatrix}=\begin{pmatrix}0&0&0&0&1\\0&0&0&0&0\\0&0&0&0&0\\0&0&0&0&0\\0&0&0&0&0\end{pmatrix}.$$

Бұдан $a_{ij}\le p_{ij}\ \ \forall i,j$, бұл P-ның транзитивтілігіне көз жеткізеді.

Сонымен, P рефлексивті емес, антисимметриялы және транзитивті, сондықтан бұл қатынас қатаң ретті болады. b және c, c және d, b және d элементтері салыстырылмайтын болғандықтан, P сызықты ретті емес. Егер ақырлы жиында анықталған реттілік сызықты болмаса, онда ол толық емес.

$(A,\prec)$- реттелген жиын болсын. Егер А ақырлы болса, онда $(A,\prec)$ жиынын сұлба ретінде (Хассе диаграммасы) бейнелеуге болады. Егер $x\prec y$ болса, онда x және y нүктелермен бейнеленеді, егер x элементі y-тен төмен болса, сызықпен қосылады.

Хассе диаграммасын құрайық. Реттік қатынастың транзитивтілігін ескерсек, мысалы, a және e элементтерін сызықпен қосудың қажеті жоқ, себебі егер $a\prec b$ және $b\prec e$, онда $a\prec e$.



1.6 сурет - Хассе диаграммасы

P рефлексивті болған жағдайда, яғни P дербес ретті немесе қатаң емес ретті болса, Хассе диаграммасында әрбір төбеде тұзақ пайда болады.

10. $P=\{(x,x^2+4):x\in R\}$ және $Q=\{(x,x^3+6):x\in R\}$ қатынастары берілген.

а) бұл қатынастардың функция болатындығын дәлелдеу керек;

ә) $P\circ Q,\ \ Q\circ P$ композицияларын табу керек;

б) бұл қатынастарға инъективті, сюръективті, биективті қасиеттері орындала ма?

Шешуі:

а) егер $[(x,y_1)\in P,(x,y_2)\in P]\Rightarrow y_1=y_2$ немесе кез келген $x\in A$ үшін $(x,y)\in P$ орындалатындай y жалғыз табылатын болса, $P\subseteq A\times B$ қатынасы функция болады.

Біздің жағдайда P және Q функциялар болады, себебі кез келген нақты x саны үшін, (x^2+4) және (x^3+6) сандары табылып, олар жалғыз болады;

ә) $P \circ Q = \{(x,(x^2+4)^3+6) : x \in R\}$, $Q \circ P = \{(x,(x^3+6)^2+4) : x \in R\}$;

б) берілген функцияларды инъективтілікке тексереміз. Егер $[(x_1, y) \in P, (x_2, y) \in P] \Rightarrow x_1 = x_2$ немесе $x_1 \neq x_2 \Rightarrow y(x_1) \neq y(x_2)$ болса, онда P функциясы инъективті деп аталады.

$P = \{(x, x^2+4) : x \in R\}$ функциясы үшін инъективтілік шарттары орындалмайды, себебі x-тің екі мәніне $(x_1 \neq x_2)$ y-тің жалғыз мәні сәйкес келеді. Мысалы, $x_1 = 1$, $x_2 = -1\,(x_1 \neq x_2)$, бірақ $y(1) = (1)^2 + 4 = 5$ және $y(-1) = (-1)^2 + 4 = 5$, яғни $y(1) = y(-1)$.

$Q = \{(x, x^3+6) : x \in R\}$ функциясы инъективті, себебі кез келген нақты x_1, x_2 $(x_1 \neq x_2)$ саны үшін $(x_1^3+6) \neq (x_2^3+6)$ орындалады.

Функцияны сюръективтілікке тексереміз. Егер кез келген $y \in B$ үшін $(x, y) \in P$ орындалатындай $x \in A$ табылса, онда $P \subseteq A \times B$ функциясы сюръективті деп аталады немесе P қатынасының мәндерінің жиыны B $(E_p = B)$ жиынымен беттеседі.

$P = \{(x, x^2+4) : x \in R\}$, $P \subseteq R \times R$ функциясы сюръективті емес, себебі мәндерінің жиыны $E_p = [4; +\infty) \neq R$.

$Q = \{(x, x^3+6) : x \in R\}$, $Q \subseteq R \times R$ функциясы сюръективті, себебі $E_Q = R$

Егер функция әрі инъективті, әрі сюръективті болса, онда ол биективті деп аталады. Сондықтан $P-$ биективті емес функция, Q – биективті.

Инъективті, сюръективті және биективті қасиеттерді функцияның графигі бойынша анықтауға болады. Берілген функционалдық қатынастарды кәдімгі функция етіп жазамыз: $P : y = x^2 + 4$; $Q : y = x^3 + 6$. Бұл функциялардың графиктері 9 және 10 суреттерде кескінделген.



1.7 сурет - P графигі



1.8 сурет- Q графигі

2 Есептеу-сызба жұмыс №2. Математикалық логика элементтері

Мақсаты: математикалық логиканың негізгі ұғымдарымен таныстыру, олардың қасиеттері мен кейбір қолдануларын қарастыру.

2.1 Теориялық сұрақтар

1. Тұжырымдар логикасының негізгі ұғымдары. Тұжырымдар, негізгі логикалық қисаптар (операциялар).
2. Логикалық айнымалылар және формулалар. Логикалық қисаптар мен формулалардың ақиқаттық кестесі.
3. Логика алгебрасының функциялары. Логика функцияларының берілу тәсілдері.
4. Формулалардың эквиваленттілігі. Логика алгебрасының негізгі эквивалентті қарым қатынастар.
5. Логикалық функциялардың толық жүйесі. Логикалық функцияларды ДҚФ, КҚФ келтіру.
6. Мүлтіксіз ДҚФ және КҚФ (МДҚФ және МКҚФ).
7. ДҚФ класында минимизациялау. Карно картасы.
8. Коммутациялық сұлбалар.
9. Екі жақтылық. Буль алгебрасы және жиындар теориясы.

2.2 Есептік тапсырмалар

f(x,y) функциясы формуламен берілген.

1. Логикалық қисаптардың орындалу реті туралы келісуді қолданып *f(x,y)* формуласында жақшаларды қою керек.

2. Осы функцияны:

а) ақиқаттық кестесімен;

ә) бірлік және нөлдік жиынтықтармен;

б) мәндерінің векторымен жазу керек.

3.Формуланы тек теріске шығару, конъюнкция және дизъюнкция қисаптары көмегімен жазу керек; осы формуланы қысқарту керек.

№	*f*(*x*,*y*)	№	*f*(*x*,*y*)
1	$x \vee \bar{y} \leftrightarrow x \oplus y$	2	$x \oplus \bar{y} \to x \downarrow y$
3	$x \to \bar{y} \mid x \oplus y$	4	$x \leftrightarrow \bar{y} \to x \oplus y$
5	$x \to y \wedge x \downarrow \bar{y}$	6	$x \leftrightarrow y \to x \downarrow \bar{y}$
7	$x \oplus y \vee \bar{x} \to y$	8	$y \to \bar{x} \mid y \oplus x$
9	$x \leftrightarrow y \wedge x \to \bar{y}$	10	$x \mid y \to \bar{x} \oplus y$
11	$x \downarrow \bar{y} \oplus x \vee y$	12	$x \wedge y \leftrightarrow \bar{x} \downarrow y$
13	$x \downarrow y \mid \bar{x} \vee y$	14	$x \vee y \to \bar{x} \downarrow y$

15	$x \oplus \bar{y} \leftrightarrow x \vee y$	16	$x \mid y \leftrightarrow x \wedge \bar{y}$
17	$\bar{x} \downarrow y \vee x \mid y$	18	$x \vee \bar{y} \mid x \oplus y$
19	$x \leftrightarrow \bar{y} \wedge x \rightarrow y$	20	$x \rightarrow \bar{y} \downarrow x \vee y$
21	$x \oplus \bar{y} \rightarrow x \leftrightarrow y$	22	$x \oplus y \rightarrow x \leftrightarrow \bar{y}$
23	$x \wedge \bar{y} \downarrow y \rightarrow x$	24	$x \oplus y \mid \bar{x} \wedge y$
25	$x \vee \bar{y} \leftrightarrow x \downarrow y$	26	$x \wedge y \leftrightarrow x \downarrow \bar{y}$
27	$x \vee \bar{y} \downarrow x \rightarrow y$	28	$x \leftrightarrow \bar{y} \wedge x \downarrow y$
29	$x \mid \bar{y} \oplus x \vee y$	30	$x \wedge \bar{y} \leftrightarrow x \downarrow y$

4. $f_1(x,y,z)$ және $f_2(x,y,z)$ формулаларын эквиваленттілікке тексеру керек:

а) ақиқаттық кестесі көмегімен;

ә) формулаларды эквивалентті түрлендіру көмегімен МДҚФ немесе МКҚФ-ке келтіру арқылы.

№	$f_1(x,y,z)$	$f_2(x,y,z)$
4.1	$x \rightarrow (y \oplus z)$	$(x \rightarrow y) \oplus (x \rightarrow z)$
4.2	$x \mid (y \rightarrow z)$	$(x \mid y) \rightarrow (x \mid z)$
4.3	$x \wedge (y \oplus z)$	$(x \wedge y) \oplus (x \wedge z)$
4.4	$x \wedge (y \rightarrow z)$	$(x \wedge y) \rightarrow (x \wedge z)$
4.5	$x \wedge (y \leftrightarrow z)$	$(x \wedge y) \leftrightarrow (x \wedge z)$
4.6	$x \wedge (y \mid z)$	$(x \wedge y) \mid (x \wedge z)$
4.7	$x \vee (y \rightarrow z)$	$(x \vee y) \rightarrow (x \vee z)$
4.8	$x \vee (y \mid z)$	$(x \vee y) \mid (x \vee z)$
4.9	$x \vee (y \leftrightarrow z)$	$(x \vee y) \leftrightarrow (x \vee z)$
4.10	$x \oplus (y \leftrightarrow z)$	$(x \oplus y) \leftrightarrow (x \oplus z)$
4.11	$x \oplus (y \rightarrow z)$	$(x \oplus y) \rightarrow (x \oplus z)$
4.12	$x \oplus (y \mid z)$	$(x \oplus y) \mid (x \oplus z)$
4.13	$x \downarrow (y \leftrightarrow z)$	$(x \downarrow y) \leftrightarrow (x \downarrow z)$
4.14	$x \mid (y \oplus z)$	$(x \mid y) \oplus (x \mid z)$
4.15	$x \rightarrow (y \mid z)$	$(x \rightarrow y) \mid (x \rightarrow z)$
4.16	$x \rightarrow (y \leftrightarrow z)$	$(x \rightarrow y) \leftrightarrow (x \rightarrow z)$
4.17	$x \vee (y \oplus z)$	$(x \vee y) \oplus (x \vee z)$
4.18	$x \mid (y \leftrightarrow z)$	$(x \mid y) \leftrightarrow (x \mid z)$
4.19	$x \downarrow (y \oplus z)$	$(x \downarrow y) \oplus (x \downarrow z)$
4.20	$x \leftrightarrow (y \oplus z)$	$(x \leftrightarrow y) \oplus (x \leftrightarrow z)$
4.21	$x \rightarrow (y \downarrow z)$	$(x \rightarrow y) \downarrow (x \rightarrow z)$
4.22	$x \downarrow (y \mid z)$	$(x \downarrow y) \mid (x \downarrow z)$

4.23	$x \leftrightarrow (y \mid z)$	$(x \leftrightarrow y) \mid (x \leftrightarrow z)$
4.24	$x \to (y \leftrightarrow z)$	$(x \to y) \leftrightarrow (x \to z)$
4.25	$x \wedge (y \leftrightarrow z)$	$(x \wedge y) \leftrightarrow (x \wedge z)$
4.26	$x \wedge (y \mid z)$	$(x \wedge y) \mid (x \wedge z)$
4.27	$x \vee (y \to z)$	$(x \vee y) \to (x \vee z)$
4.28	$x \vee (y \mid z)$	$(x \vee y) \mid (x \vee z)$
4.29	$x \vee (y \leftrightarrow z)$	$(x \vee y) \leftrightarrow (x \vee z)$
4.30	$x \oplus (y \leftrightarrow z)$	$(x \oplus y) \leftrightarrow (x \oplus z)$

Берілген *f(A,B,C)* функциясы үшін:

5. Ақиқаттық кестесін.
6. ДҚФ-ке келтіру.
7. МДҚФ құру керек (екі әдіспен).
8. Карно картасы көмегімен минималды ДҚФ.
9. Минималды ДҚФ-тан КҚФ-ке көшу керек.
10. МКҚФ табу керек (екі әдіспен).
11. Карно картасы бойынша екі әдіспен минималды КҚФ табу керек.
12. f функциясына қосалқы f^* функциясын табу керек.

№	*f*(*A*,*B*,*C*)	№	*f*(*A*,*B*,*C*)
1	$(A \vee \overline{B}) \to (\overline{C} \oplus \overline{A})$	2	$\overline{(A \vee \overline{B}) \to (C \oplus \overline{A})}$
3	$((A \downarrow B) \to \overline{C}) \leftrightarrow B$	4	$(\overline{A} \vee \overline{B}) \to \overline{(C \oplus A)}$
5	$(A \vee \overline{B}) \to \overline{(C \leftrightarrow \overline{A})}$	6	$\overline{(A \vee \overline{B}) \to (C \leftrightarrow \overline{A})}$
7	$\overline{(A \mid \overline{B})} \oplus (C \to \overline{A})$	8	$(A \mid \overline{B}) \to (C \oplus \overline{A})$
9	$(A \mid B) \oplus (\overline{C} \to B)$	10	$\overline{(C \to A) \leftrightarrow (B \mid A)}$
11	$(A \mid \overline{B}) \oplus (\overline{C} \to A)$	12	$(\overline{C} \to A) \leftrightarrow (\overline{A} \mid B)$
13	$(C \to A) \oplus (A \mid \overline{B})$	14	$((A \downarrow B) \to C) \oplus B$
15	$\overline{((A \mid B) \to C)} \oplus B$	16	$(A \vee B) \to (\overline{C} \leftrightarrow B)$
17	$\overline{((A \downarrow B) \to \overline{C})} \oplus \overline{B}$	18	$(\overline{(A \downarrow B)} \to \overline{C}) \leftrightarrow B$
19	$((A \leftrightarrow B) \mid \overline{C}) \oplus B$	20	$(A \downarrow B) \to (C \leftrightarrow \overline{A})$
21	$(\overline{(A \leftrightarrow B)} \to \overline{C}) \mid B$	22	$\overline{A \vee \overline{B}} \to (\overline{C} \leftrightarrow B)$
23	$\overline{((A \downarrow B) \to \overline{C}) \leftrightarrow B}$	24	$(\overline{(A \downarrow B)} \to \overline{C}) \oplus B$
25	$\overline{(A \vee B) \to (\overline{C} \leftrightarrow B)}$	26	$\overline{(A \mid B) \oplus (\overline{C} \to B)}$
27	$\overline{((A \downarrow B) \to C) \leftrightarrow A}$	28	$(\overline{A} \vee B) \to \overline{\overline{C} \leftrightarrow A)}$
29	$(\overline{(A \leftrightarrow B) \mid \overline{C}}) \oplus \overline{B}$	30	$\overline{(A \downarrow B)} \to (C \leftrightarrow \overline{B})$

13. Мәндерінің векторымен берілген $f(x,y,z,t)$, функциясы үшін МДҚФ, МКҚФ, минималды ДҚФ, минималды КҚФ табу керек.

№	$f(x,y,z,t)$	№	$f(x,y,z,t)$
13.1	(1101 1101 0011 0011)	13.2	(1111 1100 1011 1011)
13.3	(1110 0101 0011 0101)	13.4	(1101 0011 1101 0011)
13.5	(1100 1011 1111 1011)	13.6	(0101 0101 1110 0011)
13.7	(0011 0011 1101 1101	13.8	(1011 1011 1100 1111)
13.9	(0101 0011 0101 1110)	13.10	(0011 1101 0011 1100)
13.11	(1011 1111 1011 1100)	13.12	(0011 1110 0101 0101)
13.13	(0011 0011 1100 1111)	13.14	(1100 0101 0011 0011)
13.15	(0010 0111 1010 1101)	13.16	(0011 1111 0011 1100)
13.17	(0101 0011 1100 0011)	13.18	(0111 1101 0010 1010)
13.19	(1111 1100 0011 0011)	13.20	(0011 0011 0101 1100)
13.21	(1110 1001 0111 0001)	13.22	(0001 0011 1100 1110)
13.23	(0011 1100 0011 0101)	13.24	(1010 0010 1101 0111)
13.25	(0101 0101 1110 0011)	13.26	(1101 1101 0011 0011)
13.27	(1111 1100 1011 1011)	13.28	(1110 0101 0011 0101)
13.29	(1101 0011 1101 0011)	13.30	(1100 1011 1111 1011)

14. Берілген сұлба бойынша ауыстырып-қосқыш функциясын құрып, оны қысқарту керек. Қысқартылған функцияның сұлбасын салу керек.

14.1



14.2



14.3



14.4



14.5



14.6



14.7



14.8



14.9



14.10



14.11



14.12



14.13



14.14



14.15



14.16



14.17



14.18



14.19



14.20



14.21



14.22



14.23



14.24



14.25



14.26



14.27



14.28



14.29



14.30



2.3 Типтік варианттың шешуі

f(x,y) функциясы *f*(*x*,*y*)= $x \wedge \bar{y} \to x \downarrow y$ формуламен берілген.

1. Логикалық қисаптардың орындалу реті туралы келісуді қолданып *f(x,y)* формуласында жақшаларды қою керек.

2. Осы функцияны:

а) ақиқаттық кестесімен;

ә) бірлік және нөлдік жиынтықтармен;

б) мәндерінің векторымен жазу керек.

3. Формуланы тек теріске шығару, конъюнкция және дизъюнкция қисаптары көмегімен жазу керек; осы формуланы қысқарту керек.

Шешуі:

1. Логикалық қисаптардың орындалу реті туралы келісу бойынша $\{\neg, (\wedge, |, \downarrow), \vee, \to, (\leftrightarrow, \oplus)\}$ біздің формулада жақшалар былай қойылады: $x \wedge \bar{y} \to x \downarrow y = (x \wedge \bar{y}) \to (x \downarrow y)$.

2. а) **ақиқаттық кестесі**:

x	y	$\bar{y}$	$x \downarrow y$	$x \wedge \bar{y}$	$f(x,y)$
0	0	1	1	0	1
0	1	0	0	0	1
1	0	1	0	1	0
1	1	0	0	0	1

ә) бірлік жиынтықтар: 1=*f*(0,0)=*f*(0,1)=*f*(1,1);

нөлдік жиынтық: *f*(1,0);

б) мәндерінің векторы: (1101).

3. Жақша қойылған формуланы қысқартамыз:

$$(x \wedge \bar{y}) \to (x \downarrow y) = |\,15, 16\,| = \overline{x \wedge \bar{y}} \vee \overline{x \vee y} = |\,6\,| = (\bar{x} \vee y) \vee (\bar{x} \wedge \bar{y}) = |\,1\,|$$
$$= y \vee \bar{x} \vee \bar{x}\bar{y} = |\,5\,| = y \vee \bar{x}.$$

Түрлендіру кезінде тік жақша ішінде анықтама материалынан қолданылған формуланың нөмірі көрсетілген. Формуланы қысқарту деп айнымалы саны аз формуланы алу деп түсінеміз.

4. $f_1(x,y,z) = x \to (y \wedge z)$ және $f_2(x,y,z) = (x \to y) \wedge (x \to z)$ формулаларын эквиваленттілікке тексеру керек:

а) ақиқаттық кестесі көмегімен;

ә) формулаларды эквивалентті түрлендіру көмегімен МДҚФ немесе МКҚФ-ке келтіру арқылы.

Шешуі:

а) $f_1(x,y,z)$ және $f_2(x,y,z)$ ақиқаттық кестесі:

x	y	z	$y \wedge z$	f_1	$x \to y$	$x \to z$	f_2
0	0	0	0	**1**	1	1	**1**
0	0	1	0	**1**	1	1	**1**
0	1	0	0	**1**	1	1	**1**
0	1	1	1	**1**	1	1	**1**
1	0	0	0	**0**	0	0	**0**
1	0	1	0	**0**	0	1	**0**
1	1	0	0	**0**	1	0	**0**
1	1	1	1	**1**	1	1	**1**

$f_1(x,y,z)$ және $f_2(x,y,z)$ формулаларының баған мәндері тең болғандықтан, бұл формулалар эквивалентті;

ә) логикалық қисаптардың белгілі қасиеттерін қолданып, алдымен формуланы ДҚФ – дизъюнктивті қалыпты формаға, содан соң тарқату заңын пайдаланып мүлтіксіз дизъюнктивті қалыпты формаға (МДҚФ) келтіреміз:

$$f_1(x,y,z) = x \to (y \wedge z) = |\,15\,| = \bar{x} \vee yz = |\text{ ДҚФ},10\,a\,| =$$

$$= \bar{x}y \vee \bar{x}\,\bar{y} \vee xyz \vee \bar{x}yz = \bar{x}yz \vee \bar{x}y\bar{z} \vee \bar{x}\,\bar{y}z \vee \bar{x}\,\bar{y}\,\bar{z} \vee xyz \vee \bar{x}yz = |\,4\,| =$$

